

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімі, «Павлодар қаласының № 25 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Қашықтықтан оқыту жағдайында Қазақстан тарихы пәнінен 11-сынып оқушыларының алған білімдерін «Google формада» құрастырылған тест арқылы бекіту, тексеруге арналған диагностикалық материалдар (1-бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері)



Амангелді Рауза, тарих пәні мұғалімі

Павлодар, 2021

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 25 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тарих пәні мұғалімі Амангелді Раузаның «Қашықтықтан оқыту жағдайында Қазақстан тарихы пәнінен 11-сынып оқушыларының алған білімдерін «Google формада» құрастырылған тест арқылы бекіту, тексеруге арналған диагностикалық материалдар» атты әдістемелік-дидактикалық құралына

ШҚІР

Қарастырылып отырған әдістемелік-дидактикалық құрал қашықтықтан оқыту жағдайында Қазақстан тарихы пәнінен 11 сынып оқушыларының тақырыптық білімдерін бекітудің «Өркениет: даму ерекшеліктері» бірінші бөлімін онлайн форматта бекітіп тексеруге арналған. Әдістемелік-дидактикалық жинаққа «Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы», «Қолөнер мен кәсіптер», «Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі», «Экономикалық және мәдени қарым-қатынастың дамуы мен өзара әсері», «XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы», «Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы» және «Қазақстан халқы моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр-XX ғасыр басы)» тақырыптарына арналған тесттер жиынтығы енгізілген.

Амангелді Рауза әдістемелік-дидактикалық құралында жинақтың артықшылықтарын, қашықтықтан оқыту форматында қолданудағы практикалық тиімділігін нақты көрсеткен. Онлайн форматта қашықтықтан оқыту форматында тақырыпты бекіту, жинақтау жұмысын өткізуге қолайлылығын көрсете білген.

Қазіргі XXI ғасыр – адамзат қоғамының барлық салалары жоғары технологияларға негізделген ақпараттандыру заманы. Google қызметтер жауаптардың әртүрлі түрлерімен онлайн сауалнама, және барлық респонденттердің жауаптар жиынтығы кестесінің автоматты жасауға мүмкіндік береді.

Тест сұрақтарын қағаз бетіне түсіп одан кейін әр парақтағы ақпаратты өңдеу мұғалімнің біршама уақытын алады. Сол қағазбастылықтан арылудың бірден-бір шешімі Google формалар сервисі. Бұл сервис қазіргі заман талабына сәйкесті тыңдаушыларды көп мазаламай жоғарыда айтқандай бір ғана сауалнамамен біршама ақпаратты тез жинап алып және өңдеуді жеңілдетеді.

Әдістемелік-дидактикалық құрал талапқа сай жазылған. Жұмыстың жалпы жобасы дұрыс. Пайдаланылған әдебиеттер, дереккөздері жеткілікті. Аталмыш тақырып төңірегінде жинақталған жаңа, тың көзқарастарды айқындап қана қоймай, оны тәжірибе жүзінде де қолдануы - заман талабы. Ұлттық бірінғай тестілеуге дайындау барысында да пайдалануға болады.

Теориялық мәселелер тақырыпқа сай ашылған. Әдістемелік-дидактикалық құрал талаптарға сәйкес жазылғандықтан Амангелді Раузаның «Қашықтықтан оқыту жағдайында Қазақстан тарихы пәнінен 11-сынып оқушыларының алған білімдерін «Google формада» құрастырылған тест арқылы бекіту, тексеруге арналған диагностикалық материалдар (1-бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері)» атты әдістемелік-дидактикалық құралы «өте жоғары» деп бағаланды.

КеАҚ Павлодар педагогикалық университеті, гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Абдрахманов Б.Н.



Түсінік хат

Оқытудың нәтижелерін бақылау және тексеру оқыту процесінің міндетті бөлігі. Бақылау жүйелі болса нәтиже де жақсы болмақ.

Жоғары сынып оқушыларында өзіндік білім алуларын бақылау дағдысын дамытудың маңызы зор. Оқушы өз білім алу деңгейін өзі бақылап, қадағалауда ұстауы көп нәтижеге жеткізетіні сөзсіз.

Ұсынылып отырған Google формадағы тест тапсырмалары жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік білім алуын бақылауға және ұлттық бірінғай тестілеуге дайындаудың қашықтықтан оқыту жағдайында ең тиімді тәсілдердердің бірі екендігін тәжірибе барысында көрсетті.

Аталмыш интернет-платформада құрастырылған тапсырмалар төмендегідей артықшылықтарға ие:

- Тестілеуді нақты белгілі уақытта өткізу мүмкіндігі;
- Жылдам бір сәтте ақ автоматтандырылған есеп, толық мониторинг алу мүмкіндігі;
- Нәтижелерді тек қана мұғалімнің көру мүмкіндігі;
- Нәтижелері мен қателерін оқушылардың жекелей көріп, қатемен жұмыс жасауға деген мүмкіндігі;
- Есептердің автоматты түрде почтаңызда сақталу мүмкіндігі;

Мұғалімдер мен оқушылар үшін көмекші құрал ретінде ұсынылады. Ұсынылған материалдарды мұғалімдер өз қажеттіліктеріне орай бейімдеуіне болады.

Мазмұны:

Кіріспе

1. Қолдануға арналған нұсқаулық (мұғалімдер үшін).
2. Қолдануға арналған нұсқаулық (оқушылар үшін).

Негізгі бөлім

3. № 1 тестілеу: Қазақстанда көшпелі малшаруашылығының пайда болуы. барлығы 96 сұрақ, 98 ұпай.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdiwpcB7JtvQnTu28XaBGDPjletSi hpwe22ankVf5CTgdPWyw/viewform?usp=sf_link

4. №2 тестілеу: Қолөнер мен кәсіптер. Барлығы 23 сұрақ, 49 ұпай.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdiwpcB7JtvQnTu28XaBGDPjletSi hpwe22ankVf5CTgdPWyw/viewform?usp=sf_link

5. № 3 Тестілеу: Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Барлығы 27 сұрақ, 42 ұпай.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSehhCRsZyBKm40wM0lQ74N1Ed7 AwTnxgznzEPeQ75LfhlU6eQ/viewform?usp=sf_link

6. № 4 тестілеу. Экономикалық және мәдени қарым-қатынастың дамуы мен өзара әсері. Барлығы 12 сұрақ, 26 ұпай.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScImnsaHutR59g1g0yJcWL4DhY Gim5ZqCvrMKh uvFkF2FGQ/viewform?usp=sf_link

7. № 5 тестілеу: XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы. Барлығы 30 сұрақ, 46 ұпай.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScGkrWbc9FyCWzL147MSc8OPp-rtQhzDRfiWpSPDaEdCwT_5A/viewform?usp=sf_link

8. № 6 тестілеу: Экономикалық және мәдени қатынастардың дамуы мен өзара әсері. Барлығы 23 сұрақ, 44 ұпай.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSccTuwE9bXBLXpKwovL8YIITC BFwEZ8cU-hUgS41SonLvFnA/viewform?usp=sf_link

9. № 7 тестілеу: XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы. Барлығы 38 сұрақ, 42 ұпай

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdGHB9nxMtk5Oixw03lJzAVIjdtN tkhtr9qd9CKMrAuSLjbg/viewform?usp=sf_link

10. № 8 тестілеу: Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы. Барлығы 18 сұрақ, 28 ұпай.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSey5DoN3e9uGGA9QYIczODVneB 0Y1WbH1i5KVyPQxtDRph1sA/viewform?usp=sf_link

11. № 9 тестілеу: ӘДК Қазақстан халқы моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр-XX ғасыр басы). Барлығы 31 сұрақ, 44 ұпай.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScoLenWalQyIVkp0CmOCavvcuf weBSop93w_KJF7qeC8YOZw/viewform?usp=sf_link

12. Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Кіріспе

Қай заманда да сапалы әрі қолжетімді білім беру маңызды. Ал сапалы білім беруге қойылатын талаптар заман ағымына сай үнемі өзгеріске ұшырап отырады.

Қазіргі ХХІ ғасыр – адамзат қоғамының барлық салалары жоғары технологияларға негізделген ақпараттандыру заманы. Бүгінгі төртінші өнеркәсіптік революция цифрлы қоғамды қалыптастырып отыр. Технологиялық және инфрақұрылымдық тұрғыдан дамудың жаңа кезеңі басталды: экономика салаларын индустрияландыру кезінде өнеркәсіптік манипуляторларды, роботты техниканы, әртүрлі техникалық құралдар мен компьютерлендірілген жүйелерді кеңінен қолдануға негізделген өндірістерді ашумен қатар, цифрлы технологияларды жаппай қолдану жоғары экономикалық өсуді қамтамасыз етудің қуатты факторы болып табылады. Ал осы цифрлы қоғамның дамуына негіз болатын білім саласы екендігі сөзсіз. Әсіресе 2020 жылығы пандемияға байланысты қашықтықтан оқыту форматына көшу білім беру саласында цифрлық ресурстарының маңыздылығын арттыра түсті.

Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат - білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқу үрдісін автоматтандыруды енгізуге жағдай жасау қажет. Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады. [2]

Қазіргі кезде білім беруді жүйесіндегі талаптардың бірі - оқу үрдісін цифрлық қорлармен қамту немесе оқытудың компьютерлік құралдарын жасау және пайдалану. Оқу үрдісінде электрондық оқу басылымдары, арнайы энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау бағдарламалары, анықтамалық жүйелер, географиялық карталар және жердің жасанды серігінен алған суреттердің жиынтығына негізделген білім беру ортасы, виртуальдық зертханалар немесе оның құбылыстарын зерттеуге негізделген модельдер, күрделі интерактивтік оқу материалдары және басқа да ОКҚ-лар кеңінен қолданыс табады [3].

Қазақстандық орта білім беретін ұйымдар үшін қазақ тілінде цифрлық білім беру ресурстарының өзіндік қорын жасау, жүйелеу өзекті мәселе. Осы салада жұмыс жасауға үлес қосу әр ұйымның, ұстаздың міндеті деп есептеймін. Сондықтан да, жаңартылған білім беру мазмұнына көшкен 11-сынып оқушыларын қашықтықтан оқыту жағдайында білім икем дағдыларын бекіту, ұлттық бірінғай тестілеу жүйесіне дайындауға арналған, қолдану барысында оқушының да мұғалімнің де жұмыс жүйесін оңтайландыратын «Google формалар» арқылы тестілеудің автоматтандырылған жүйесімен Қазақстан тарихы пәнінен 1-бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері тарауына арналған тестілер жинағы құрастылды.

Google іздеу жүйесі құрылу тарихына тоқталсақ, Google іздеу жүйесін Стэнфорд университетінің аспиранттары Ларри Пейдж және Сергей Брин оқу жобасы ретінде шығарған еді. Олар 1996 жылы BackRub іздеу жүйесімен жұмыс істеп, 1998 жылы аталмыш іздеу жүйесінің негізінде Google-дың негізін салады. Алғаш рет Google жеке-меншік корпорация ретінде 1998 жылы 4 қыркүйекте құрылады, Ларри Пейдж, Сергей Брин және Эрик Шмидт Google-да 2014 жылға дейін бірлесіп жұмыс істеуге келіседі. Компанияның көздеген мақсаты «әлемдік ақпаратты жинап, халық тұтынуына мол мүмкіндік беру [4]. Google қызметтер жауаптардың әртүрлі түрлерімен онлайн сауалнама, және барлық респонденттердің жауаптар жиынтық кестенің автоматты құру жасауға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер оқытушылардың әлеуметтік желілерінде немесе мектеп веб-сайтында электрондық пошта, жариялау арқылы сауалнама бетке сілтеме жіберу арқылы оқушылардан тестілеу жүргізу мүмкін. Тестілеу анонимді және тек уәкілетті пайдаланушыларға да бола алады. «Google формалар» — сауалнама жүргізуге арналған сервис. Ол үшін сауалыңызды жазып, жауап нұсқаларын көрсетіп, дайын сілтемені адамдарға жібересіз. Бұл оқушылардың жауаптарына сараптама жасайтын тест-тапсырмаларға да, қарапайым “Аты -жөнің кім ?” деген сауалдарға да нақты жауап алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, сауалнаманы өз талғамыңызға қарай әрлеуге де болады.

Аталған құрал осы «Google формалар» сервисін қашықтықтан оқыту жағдайында Қазақстан тарихы пәнінен жоғарғы сынып оқушыларының білімдерін бекіту, ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындауға көмекші сервис ретінде пайдаланудың жолын көрсетеді. Тестілеу сұрақтарының құрамы күрделілік деңгейі ұлттық бірыңғай тестілеу форматындағы «А», «В» және «С» деңгейлері ескеріліп жасалған. Сонымен қатар білімді жинақтап есте сақтауға көмектесетін қарапайым сәйкестендіру тапсырмалары да бар. Сәйкестендіру тапсырмаларын көбіне мәдениетке байланысты тараулардың цитата және автор, тарихи ескерткіш және оның орналасқан орны немесе ерекшелігі сияқты сұрақтарды қамтиды. «Google формадағы» тест сұрақтары оқушылар білімін қашықтық форматта жинақтап, бекітуге арналған.

Бұл жинақтың артықшылықтары:

1. Онлайн форматта қашықтықтан оқыту оқыту форматында тақырыптың бекіту, жинақтау жұмысын өткізуге қолайлы;
2. Оқушы сілтемесі арқылы тестілеуден өтіп, тақырып бойынша алған білімін тексере алады;
3. Әр оқушы тест тапсырып болған соң алған ұпай санын, қате жіберген сұрақтарын және олардың дұрыс жауаптарын да көре алады;
4. Мұғалім оқушылардың жауаптарын тексеріп уақыт кетірмейді. Автоматты түрде жазған уақыты мен жауаптары, тіптен мониторингісі де дайын тұрады;

5. Мұғалім жауаптар мониторингісі арқылы оқушылардың ең көп қателескен сұрақтарын анықтап, білімдегі ақтандақ тұстарынмен жұмыс жасау барысында қолдана алады;
6. Сұрақтар «А», «В» және «С» деңгейлік етіп құрастырылған:
7. Тест сұрақтарын қағаз бетіне түсіп одан кейін әр парақтағы ақпаратты өңдеу мұғалімнің біршама уақыттын алады. Сол қағазбастылықтан арылудың оңтайлы шешімдерінің бірі- Google формалар сервисі.
8. Бұл сервис қазіргі заман талабына сәйкесті тыңдаушыларды көп мазаламай жоғарыда айтқандай бір ғана сауалнамамен біршама ақпаратты тез жинап алып және өңдеуді жеңілдетеді.

Әдістемелік-дидактикалық жинаққа «Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы», «Қолөнер мен кәсіптер», «Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі», «Экономикалық және мәдени қарым-қатынастың дамуы мен өзара әсері», «XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы», «Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы» және «Қазақстан халқы моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр-XX ғасыр басы)» тақырыптарын арнаған тестілер жиынтығы енгізілді. Сондай-ақ мұғалімдер мен оқушыларға арналған қолдану нұсқаулығы берілген.

Тарих пәні мұғалімі: Рауза Амангелдіқызы

Қолдануға арналған нұсқаулық (мұғалімдер үшін):

1. <https://docs.google.com/document/d/1-2OEECjsNo-sORwU9joIP9FCpiKLkoPxsqEqMUDIYp0/edit?usp=sharing> – осы сілтеме арқылы барлық тақырыптық тестілеу сілтемелерін ворд документ түрінде жүктеп алыңыз.
2. Әр тақырыпты өткен соң оқушыларға вацап арқылы сілтемені жіберіңіз.
3. Оқушылардың жинаған ұпай санын жазып алыңыз.
4. Қате жіберген сұрақтарын қайталауын қадағалаңыз.
5. Көп қателескен сұрақтар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге болады.
6. Оқушыларға Аталған тақырып бойынша сілтемеге кіріңіз.

Қолдануға арналған нұсқаулық (оқушылар үшін):

1. <https://docs.google.com/document/d/1-2OEECjsNo-sORwU9joIP9FCpiKLkoPxsqEqMUDIYp0/edit?usp=sharing> – осы сілтеме арқылы барлық тақырыптық тестілеу сілтемелерін ворд документ түрінде жүктеп алыңыз.
2. Өзіңіздің біліміңізді сынап, дайындағыңыз келеген тақырып бойынша сілтемеге кіріңіз.
3. Тапсырмаларды орындаңыз.
4. Аятаған соң «жіберу» батырмасын басыңыз.
5. Алған ұпай санын мұғалімге хабарлаңыз
6. Қате жауап берген сұрақтарыңыздың дұрыс жауаптарын көріп есте сақтаңыз.
7. Өзіңізді тексеру үшін бір тақырыптан бірнеше рет қайталап өтуіңізге болады.